

Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы

Алматы облысы Ұйғыр ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 02 сәуірдегі N 4-66 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Ұйғыр ауданының Әділет басқармасында 2012 жылы 25 сәуірде N 2-19-134 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 8)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңының 27-бабының 3-тармағына, 28-бабының 1-тармағына, 31-бабына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 01 наурыздағы "Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N 274 Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы N 274 Жарлығын іске асыру туралы" N 326 Қаулысына сәйкес Ұйғыр ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. Селолық округ әкімдеріне Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Шонжы селосы, Арзиев көшесі, N 61 үй мекен-жайында орналасқан "Ұйғыр ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесі арқылы әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе босатуға құқығы жоқ, он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша белгіленген әскери қызмет мерзімдерін өткермеген азаматтар 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізуді ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

2. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды жүргізу үшін әскерге шақыруды өткізу кезеңіне аудандық шақыру комиссиясы 1-қосымшаға сәйкес құрылсын.

3. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі 2-қосымшаға сәйкес б е к і т і л с і н .

4. Селолық округ әкімдері 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында өтетін шақыру мерзімінде әскер қатарына шақырылғандарды, олардың шақыру учаскесіне шақырылғандығы туралы хабардар етіп және олардың дер кезінде келуін ұйымдастырсын.

5. "Ұйғыр аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы Онгаров Болат Кенесұлына (келісім бойынша) әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді және жеткізуді өз құзыреті шегінде ұйымдастырып, шақырушыларды жөнелту кезінде шақыру учаскесінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Деменбаев Даулетжан Модиновичке жүктелсін.

7. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

К. Омаров

КЕЛІСІЛДІ:

"Ұйғыр аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік
Онгаров Болат Кенесович

мекемесінің бастығы

02 сәуір 2012 жыл

"Ұйғыр аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік
коммуналдық қазыналық
Мамбеталиев Акжолтай Турдалиевич

кәсіпорнының директоры

02 сәуір 2012 жыл

"Ұйғыр ауданының қорғаныс жөніндегі бөлімі" мемлекеттік істері
Оспанов Асқар Советханович

мекемесінің бастығы

02 сәуір 2012 жыл

Ұйғыр ауданы әкімдігінің
2012 жылғы 02 сәуірдегі
"Қазақстан Республикасының
азаматтарын 2012 жылдың сәуір-
маусымында және қазан-желтоқсанында
кезекті мерзімді әскери қызметке
шақыру туралы" N 4-66 қаулысына
1-қосымша

